



**Аліпбаева Манзура Тілепбаевна.**

*Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогика институтының Түркі тілдер факультеті Қазақ тілі және әдебиеті тәлім бағдарының  
4-курс студенті*

Қазақ даласында азаттықтың жылы лебі есіп, лингвистика, әдебиет тарихы сияқты ғылымдардың алғашқы ту ұстаушысы Ахмет Байтұрсынұлы. Ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Қазақ тілі мен әдеби кітаптар жазып, біз мақтанып жүрген, сөйлеп жүрген қазақ тіліміздің негізін жасап, алғаш қазақ мектептерінің іргетасын қалаған алғашқы адам. Ахметпен бірге жүрген, бірге оқыған өзге замандастары қара бастарының қамын ғана ойлап, өздері үшін пайда іздеп жүргенде, Ахмет тоз-тоз болған халқының арын іздеп, қамын ойлап, ХХ ғасырдың әдебиеті үшін алаңдап, басын ажалға байлаған.

Ахмет қазақ балаларының сауатын ана тілінде ашуда өзінің бар күш-жігерін арнады. Сол мақсатпен "Оқу құралы" (1912), "Әліпби"(1924), "Жаңа әліпби"(1926) сияқты еңбектерін ұсынды. Ахмет қандай еңбектер жазса да барлығы қазақ буындары үшін еді. Сол жас буындарға ұстаздық етіп, олардың ана тілге, әдебиетке болған қызығушылықтарын, сезімдерін ояту болды. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған білім беру жүйесінің жазуы төте жазу үлгісінде болды. Сол дәуірде мектептерде балалар төте жазуын пайдаланды, ақын-жазушы ғалымдардың еңбектерінің бәрі сол жазуда жазылды. Бүкіл қазақ халқы Ахмет жазған жаңа емлені қабылдады. Ахмет қазақ балаларына әріптерді есте сақтауда қиындық болмауы үшін оңай таңбаларды ойлап тапты. Оқушыларға мектеп ашпастан бұрын мұғалімдерге арналған мектеп және мұғалімдер үшін әдістемелік кітаптар жазды.

Ахмет лингвистика саласына да өзінің зор үлесін қосқан. Ол қазақ фонологиясы мен графикасын 1910 жылдан бастап зерттей бастады. Ол қазақта бұрын соңды болмаған бастауыш, баяндауыш, тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерді ойлап тапты. Біздің қазір қазақ тілінде қолданып жүрген сөйлем мүшелерінің негізін салды. Бұл лингвистика саласындағы ең ұтымды еңбегінің бірі болды. Қазақ грамматикасына қатысты категорияларға қазақша ғылыми термин жасады. Араб жазуынан латын жазуына көшу туралы қаулы шыққанда, латындандыруға қарсы пікір білдірді. Оның ойынша қазақ тілінің латын графикасына өтуіне еш қажеттілігі жоқ. Латын әліппесінің басты кемшілігі ретінде, қазақ дыбыстарына қолайлы таңбалардың жоқ болуын айтады. Ол латын жазуына қарағанда тезірек және оңай оқуға болады деп араб жазуын қолдайды. Жаңа жазуға көшкеннен, бұрыннан қалыптасып келе жатқан жазуға өзгеріс енгізген артығырақ, сол үшін араб жазуын қазақ дыбыстарына сай бейімдестірген жөн деген сияқты пікірлерді алға қояды. Осы араб жазуын реформалау идеясын Міржақып Дулатұлы да және сол сияқты саяси қайраткерлер де қолдады. Ахмет осы бойынша өзінің жобасын 1912 жылы Орынборда басылып шыққан "Оқу құралы" атты еңбегінде

жариялаған. Латын графикасына көшпеледе, араб жазуын сақтап қалуда көп еңбек етті. Солай етіп, Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды.

Ол лингвистика саласынан бөлек халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жарыққа шығарды. Ал, бұл саладағы тұңғыш зерттеуі 1913 жылы Қазақ газетінде шыққан "Қазақтың бас ақыны" деген көлемді мақаласын тілге тиек етсек болады. Бұл мақаласында Абайдың қандай ірі тұлға екені, басып өткен өмір жолы, шығармашылығы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы айтылған. Әдебиет тарихы туралы алғашқы көлемді еңбегі - "Әдебиет танытқыш". Мұнда теориялар, әдебиет жанрлары, жаңа терминдер, көркем сөздің қыр-сыры жайлы зерттеулер жүргізген. Сондай-ақ, өлең айшықтары, ұйқастығы, бунақ, шумақ түрлері сияқты тіл әуезділігінің қыруар шарттары туралы да Ахмет өз зерттеулеріне қосқан.

Ахмет қалдырған ізгі мұралардың бірі - көркем аударма. Орыс классик ақындарының шығармаларын қазақ тіліне аударып, бұл саланың баюына зор үлес қосты. Аудармаларының көбі И.А.Крыловтың мысалдары болды. Сол аудармаларын "Қырық мысал" деген жинаққа бастырған. Бүгінгі күнде Ахмет аударған мысалдар мектеп оқулықтарында берілген. Оқушылар оқып, айтып жүрген "Өгіз бен бақа", "Шегіртке мен құмырсқа", "Қарға мен түлкі" сияқты өлең-мысалдарының авторы Ахмет Байтұрсынұлы. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Екінші кітабы - "Маса". Қоғамға көңілі толмай, айналасындағы болып жатқан іс-әрекеттерге сын көзімен қарайды. "Қазақ қалпы", "Қазақ салты" сияқты тағы басқа өлеңдерінің мазмұны осыны аңғартады.

Жалпы тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ, Ахмет ашқан мектеп, Ахмет жаналаған қазақ тілі, Ахмет салған дара жол, жасаған ізгі амалдар бәрі тұмсығы тасқа тиген елі мен қан жылаған қазақ балаларының болашағы үшін еді. Бірақ, большевиктер сонша еңбекті жоққа шығарып, оның есімін де, еңбегін де жоқ етуге тырысты. Дегенмен олар көздеген мақсаттарына жете алмады. Әділдік қашанда жақсылық үшін күресушілердің жағында. Солай етіп, түнерген қара бұлттан жарқырап күн шығып, әділдіктің көк туы көтеріліп, шындықтың шұғыласы көрінді. Ұлтын сүйген ұлтшыл Ахмет қазақ халқымен қайта қауышып, тарих беттерінен есімі де, еңбегі де көріне бастады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет.

2. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. - Алматы. "Алматыкітап баспасы", 2009

3. «Маңғыстау» энциклопедиясына, Компьютерлік-баспа орталығы, 2007  
«Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2002;

4. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.

5. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. I